

**2017 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 36 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 ақпанда № 3315 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабы 7), 8) тармақшаларына, 27 бабы 1 тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес Т. Рысқұлов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Т. Рысқұлов ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда 2017 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. "Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2017 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дайрабаев Берік Тынышбекұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Айтақов*

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 10 ақпандағы  
№ 36 қаулысына 1-қосымша

**2017 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар**

№ Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлер саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
		Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1. Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің "Құлан-Тазалық" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	46	2%	1
2. "Шаушен" шаруа қожалығы	127	1%	1
Барлығы:	173		2

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 10 ақпандағы  
№ 36 қаулысына 2-қосымша

## 2017 жылға пробацзия қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№ Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлер саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
		Пробацзия қызметінің есебінде тұрған адамдар	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1. "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорны" филиалы	242	1%	2
2. "Шаушен" шаруа қожалығы	127	1%	1
Барлығы:	369		3